

## АЗАМАТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ БІРІЗДЕНДІРУ КЕЛЕШЕГІ МЕН ҮЙЛЕСТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Тоқатов Р. А., з.ғ.м., аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті*  
*Мырзалиева Ж.Т., з.ғ.м., аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл-қазақ тілі. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды деп белгіленген [1]. Тіл мәселесі қазіргі таңда әсересе қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуші заңшығармашылық үрдісінде елеулі алаңдатушылық білдіруде. Оған басты себеп отанымызда қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуші нормалардың қазақ мәтініндегі баспалары ұшан теңіз қатеден көз ашпауында. Кез келген мемлекетте құқықшығармашылық қызметтің ең басты мақсаттарының бірі – елде қабылданатын құқықтық актілердің сапасы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Зерттеу тақырыбы аясында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінің мәтінін қазақша және орысша нұсқаларына сараптама жүргізу арқылы талдау жасалды. Азаматтық кодекстің мәтініндегі сөйлемдердің стилистикалық оның ішінде лексикалық яғни тілдегі сөздердің жиынтығы, сөздік құрам бойынша қателіктер кездесіп жатады.

Мысалы: 625-баптың орысша мәтінінде: «Подрядчик несет ответственность за ненадлежащее выполнение работы, вызванное недостатками предоставленных заказчиком материалов, если не докажет, что недостатки не могли быть им обнаружены при надлежащей приемке этих материалов» -сөйлем қазақша редакцияда: «Мердігер тапсырысшы берген материалдардың кемшіліктері себепті тиісті дәрежеде орындалмаған жұмыс үшін, егер ол осы материалдарды тиісті қабылдау кезінде оның кемшіліктерді анықтауы мүмкін болмағанын дәлелдей алмаса, жауапты болады» -деп дұрыс аударылмаған, себебі «кемшіліктері себепті» сөз тіркесі болмағандықтан басқа сөздерді қолдану керек яғни бұл жерде сөйлемді: «Егер материалдарды тиісті қабылдау кезінде кемшіліктердің табылмағанын дәлелдей алмаса, мердігер тапсырысшы берген материалдардың кемшіліктерінен туындаған жұмыстың тиісінше орындалмағаны үшін жауапты болады»-деп аударған дұрыс.

Азаматтық кодекстің 663-бабының 1-тармағын алып қарастыратын болсақ орыс мәтінінде: «Заказчик, получивший сообщение подрядчика о готовности к сдаче работ, выполненных по договору строительного подряда либо, если это предусмотрено договором, - этапа работ, обязан немедленно приступить к приемке их результатов». Осы тармақты қазақша мәтінде: «Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша орындалған жұмысты не, егер бұл шартта көзделсе, жұмыстың бір кезеңін тапсыруға дайын екендігі туралы мердігердің хабарын алған тапсырысшы дереу оның нәтижелерін қабылдауға кірісуге міндетті.»-деп аударылған. Аударылымы стилистикасы бойынша үйлесімсіз, себебі «орындалған жұмысты не, егер бұл шартта көзделсе» сөздерденінің мағынасы түсініксіз екендігі көрінеді. Сонымен 663-баптың 1-тармағы келесі редакцияда: «Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша орындалған жұмысты не бұл жөнінде шартта қарастырылса, жұмыстың кезеңін тапсыруға дайын екендігі туралы мердігердің хабарын алған тапсырысшы дереу оның нәтижелерін қабылдауға кірісуге міндетті.»-жазылуы керек.

Сонымен қатар азаматтық кодекстің 742-бабының 2-тармағындағы орысша нұсқасын: «2. При недостаточности денег клиента в банке для удовлетворения очередного требования, предъявленного к клиенту, банк аккумулирует поступающие в пользу клиента деньги, сумма которых достаточна для удовлетворения указанного требования, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.» қазақша мәтінімен салыстыратын болсақ: «2. Клиенттің банктегі ақшасы

клиентке қойылған кезекті талапты қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда банк сомасы аталған талапты қанағаттандыруға жеткілікті, клиенттің пайдасына түсетін ақшаны жинақтайды.»- дұрыс аударылмағанын байқаймыз. Бұл жерде «за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан»- сөйлем қазақша редакцияда мүлде ұмытып қосылмай қалған. Дұрысы: «2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, клиенттің банктегі ақшасы клиентке қойылған кезекті талапты қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда банк сомасы аталған талапты қанағаттандыруға жеткілікті клиенттің пайдасына түсетін ақшаны шоғырландырады.»

Бұдан басқа 819-баптың 1 тармағындағы мәтін: «1. Страховая сумма - сумма денег, на которую застрахован объект страхования и которая представляет собой предельный объем ответственности страховщика при наступлении страхового случая.» мен қазақша нұсқадағы: «1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектілері сақтандырылған адам және сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандырушы жауаптылығының шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.» - мәтінімен сәйкес келмейді, себебі бұл жерде «объект страхования» сөзі «сақтандырылған адам»-деп қате аударылған. Сондықтан да келесі редакцияда: «1. Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.»- жазылуы тиіс деп есептейміз.

Азаматтық кодекстің 931-бабының 3- тармағындағы мәтіні: «3. Владелец источника повышенной опасности не отвечает за вред, причиненный этим источником, если докажет, что источник повышенной опасности выбыл из обладания владельца в результате противоправных действий других лиц. Ответственность за вред, причиненный источником повышенной опасности, в таких случаях несут лица, противоправно завладевшие источником повышенной опасности.», қазақша нұсқада: «3. Жоғары қауіптілік көзінің иесі, егер қауіптілік көзі басқа тұлғалардың заңға қарсы іс-әрекеттері салдарынан иеленушінің иелігінен шыққанын дәлелдесе, осы көз келтірген зиян үшін жауап бермейді. Мұндай жағдайларда жоғары қауіптілік көзі келтірген зиян үшін ондай көзді заңға қайшы иеленушілер жауап береді. Жоғары қауіптілік көзін оның иелігінен заңға қайшы алуда иеленушінің кінәсі болған жағдайда жауаптылық иеленушіге де, жоғары қауіптілік көзін иеленген тұлғаларға да жүктелуі мүмкін.»-деп дұрыс аударылмаған. Бұл жерде «осы көз келтірген» және «ондай көзді» сөздерінде стилистикасы үйлесімсіздігін байқаймыз. Дұрысы: «3. Жоғары қауіптілік көзінің иесі, егер қауіптілік көзі басқа тұлғалардың заңға қарсы іс-әрекеттері салдарынан иеленушінің иелігінен шыққанын дәлелдесе, осы жоғары қауіптілік көз арқылы келтірген зиян үшін жауап бермейді. Мұндай жағдайларда жоғары қауіптілік көзі келтірген зиян үшін ондай жоғары қауіптілік көзді заңға қайшы иеленушілер жауап береді.» [2].

Азаматтық кодексте стилистикалық тұрғыда дұрыс аударылмаған сөйлемдер көп кездесетініне тағы да мысал ретінде 991-баптың тармақтарын келтіруге болады. Онда өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіге анықтама береді. Оларға тоқталатын болсақ:

➤ 991-баптың 2 тармағында орысша мәтінде: «Изобретением, которому предоставляется правовая охрана, признается техническое решение, являющееся новым, имеющее изобретательский уровень и промышленно применимое.», ал қазақша мәтінде: «Жаңа, өнертапқыштық деңгейі бар және өнеркәсіпте қолдануға болатын техникалық шешім құқықтық қорғау берілетін өнертабыс болып танылады.»-деп аударылған. Дұрысы: Құқықтық қорғау берілетін өнертабыс деп жаңа болып табылатын, өнертапқыштық деңгейі бар және өнеркәсіпте қолданатын техникалық шешім танылады.

➤ 991-баптың 3 тармағында орысша мәтінде: «Полезной моделью, которой предоставляется правовая охрана, признается техническое решение, являющееся новым и промышленно применимым.», ал қазақша нұсқада: «Жаңа және өнеркәсіпте қолдануға болатын техникалық шешім құқықтық қорғау берілетін пайдалы модель болып

танылады.»-деп аударылған. Дұрысы: «Құқықтық қорғау берілетін пайдалы модель жаңа және өнеркәсіпте қолдануға жарамды техникалық шешім болып табылады.»

➤ 991-баптың 4-тармағында орысша мәтінде: «Промышленным образцом, которому предоставляется правовая охрана, признается художественно-конструкторское решение изделия, определяющее его внешний вид и являющееся новым, оригинальным.», ал қазақша нұсқада: «Бұйымның сыртқы түрін белгілейтін, жаңа, түпнұсқалық болатын көркемдік-конструкторлық шешім құқықтық қорғау берілетін өнеркәсіптік үлгі болып танылады.»-деп аударылған. Дұрысы: «Құқықтық қорғау берілетін өнеркәсіптік үлгі жаңа, бұйымның сыртқы түрін анықтайтын, түпнұсқалық болатын көркемдік-конструкторлық шешім танылады.»

«Интеллектуальная собственность» термині заңдарда «зияткерлік меншік» деп аударылып жүр. «Интеллект» – латын сөзі «intellectus» – түсіну, ұғыну, ақыл-ой деген мағынаны білдіреді. Жалпы «интеллект» термині халықаралық термин болып табылады, сондықтан аударылмай, сол күйінде қалдырылу ұсынылады. Яғни, «интеллектуальдық меншік» деп жазылуы тиіс. Сондай ақ, ҚР Азаматтық кодексінің (ерекше бөлімінде) «интеллектуалдық меншік» деп жазылған (5-бөлім «Интеллектуалдық меншік құқығы») [3;73]. Сондай ақ Азаматтық кодекстің 972-бабында «иллюстрации» термині «безендірмелер» деп аударылған. Иллюстрация (лат. illustratio-жарықтандыру, көрнекі сурет) – мәтінді түсіндіретін сурет, фотосурет, баспа немесе басқа сурет. Мәтінге иллюстрация жасайтын суретшіні иллюстратор деп атайды. «Иллюстрация» – шет тілінен алынған термин болғандықтан аударылмай, сол күйінде қалдыруды ұсынамыз [4].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімін зерттеу барысында заң нормаларының дұрыс аударылмауы жиі кездесетінін байқап жатамыз. Әсіресе құқықтық актілердің баптарының атауларының қате аударылуы көзге анық көрініп тұрады. Мысал ретінде тоқтала кететін болсақ Азаматтық кодекстің келесі баптарында:

➤ 442-баптың орыс мәтіндегі «Рассрочка платежа при продаже товара в кредит» атауын «Тауарды кредитке сату кезінде төлемді бөліп-бөліп төлеу» қазақша мәтінде дұрыс аудармаған, біздің ойымызша бұл жерде «кредитке» сөзі – «несиеге» сөзімен және «бөліп-бөліп төлеу» – «бөліп» сөзімен ауыстыру керек;

➤ 516-баптың орыс мәтіндегі «Пожертвования» орыс мәтіндегі атауын «Қайырмалдық» қазақша мәтінде дұрыс аудармаған, біздің ойымызша бұл жерде баптың атауын «Қайырымдылық» сөзімен ауыстыру керек;

➤ 552-баптың орыс мәтіндегі «Обязанности наймодателя по содержанию сданного внаем имущества» атауын «Жалға берушінің жалға берілген мүлікті ұстап-түту жөніндегі міндеттері» қазақша мәтінде дұрыс аудармаған, біздің ойымызша бұл жерде қазақша мәтіндегі «ұстап-түту» сөзі – «күтіп-ұстау» сөзімен ауыстыру керек;

➤ 594-4-баптың орыс мәтіндегі «Обязанность арендатора по оплате расходов на содержание транспортного средства» атауын «Жалға алушының көлік құралын күтіп ұстауға жұмсалатын шығыстарды төлеу жөніндегі міндеті» қазақша мәтінде дұрыс аудармаған, біздің ойымызша бұл жерде қазақша мәтіндегі «шығыстарды» сөзі – «шығындарды» сөзімен ауыстыру керек;

➤ 617-баптың орыс мәтіндегі «Выполнение работы иждивением подрядчика» атауын «Жұмысты мердігердің қарамағында орындау» қазақша мәтінде дұрыс аудармаған, біздің ойымызша бұл жерде «иждивением» сөзі – қазақша мәтіндегі «қарамағында» аудармасын «есебінен» деген сөзбен ауыстыру керек;

➤ 622-баптың орыс мәтіндегі «Экономия подрядчика» атауын «Мердігердің үнемі» қазақша мәтінде дұрыс аудармаған, біздің ойымызша бұл жерде - «үнемі» деген сөздің орнына «үнемдеуі» – деген сөзбен ауыстыру керек;

➤ 636-баптың орыс мәтіндегі «Давность по искам о ненадлежащем качестве работы» атауын «Жұмыс сапасының лайықсыздығы туралы талап арыздар жөніндегі мерзімнің ескіруі» қазақша мәтінде дұрыс аудармаған, біздің ойымызша бұл жерде «Жұмыс

сапасының тиісті еместігі туралы талаптың ескіру мерзімі» деген сөйлеммен ауыстыру керек;

➤ 685-баптың орыс мәтіндегі «Оплата услуг» атауын «Көрсетілген қызметтерге ақы төлеу» қазақша мәтінде дұрыс аудармаған, себебі «Көрсетілген қызметтерге ақы төлеу» сөйлемін орысшаға аударған кезде «Оплата за оказанные услуги» болып аударылады. Сонымен бұл жерде «Қызметтерге ақы төлеу» деген сөйлеммен ауыстырылуы тиіс; [2].

Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығында қолданылып жүрген талап түрлерінің бірі негаторлық не виндикациялық талаптар. Виндикация (лат. Vindico-қорғаймын, талап етемін)-азаматтық құқықта меншік құқығын қорғаудың бір тәсілі; оның көмегімен меншік иесі бөгде тұлғаның иелігіндегі өзінің мүлкін кері қайтарып алу жөнінде талап қоя алатынын білдіреді [5;312].

«Меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап етуі» азаматтық кодекстің баптарының мәтінде әр түрлі нұсқада кездеседі. Мысалы: Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің жалпы бөлімінде орысша нұсқасы: «Статья 260. Истребование имущества собственником из чужого незаконного владения», ал қазақша нұсқасы «Меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап етуі» деп аталады [6]. Сондай-ақ 954 баптың орысша мәтіндегі 2 тармағында: «2) об истребовании имущества собственником из чужого незаконного владения;» қазақша нұсқада: «2) меншік иесінің мүлікті бөгде біреудің заңсыз иеленуінен сұратып алуы туралы;» -деп мүлде басқа нұсқада кездеседі және қате аударылған, себебі «иеленуінен сұратып алуы туралы»-ұғым орысшаға аударған кезде «запрашивать» түсінігіне жақын, сәйкесінше бірізділік қағидасын сақтау мақсатында Азаматтық кодекстің ерекше бөлімінің 954 бабының 2) тармақшасында да «Меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап етуі туралы» - деп жазылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 93-бабында «Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті»-деп көрсетілген [1]. Бірақта бұл норманың іске асырылуы үшін жеткілікті шаралар қолға алынбаған деп ойлаймыз. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, қоғамдық-әлеуметтік тұрмыста, яғни, ресми орындардағы, мемлекеттік органдардағы азаматтық-құқықтық, іскерлік-қызметтік тағы басқа қарым қатынастардың, сан алуан құжат түрлері мен іс жүргізу қағаздарын рәсімдеудің құралына айналдырмайынша, қазақ тілінің мәртебесін мемлекет көлемінде көтеру мүмкін емес.

**Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылыми комитетінің тапсырмасы бойынша ИРН АР09259787 «Мемлекеттік тілдегі нормативтік-құқықтық актілердің сапасын қамтамасыз етудің теориясы және тәжірибесі (азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамалары саласында)» тақырыбы бойынша дайындалған.**

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлімі) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Кодексі // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_)
3. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің түпнұсқалығын қамтамасыз ету мәселелері. // Қарағанды университетінің хабаршысы. - 2022. - № 3(107). -Б 71-78.
4. Иллюстрация Энциклопедия // [kk.mgwiki.top/wiki/Illustration](http://kk.mgwiki.top/wiki/Illustration)

5. Гражданское право. Том 1. Учебник для вузов (академический курс)/ Отв. Ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г.Басин. - Алматы, 2004.-522 с.

6. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлімі) Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІ [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_)

## К ВОПРОСУ О ФОРМЕ ЗАКЛЮЧЕНИЯ ДОГОВОРА БЫТОВОГО ПОДРЯДА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

*Трубников Г.О., магистрант юридического факультета КарУ им. Е.А. Букетова  
(Научный руководитель- Нукушева А.А., к.ю.н., профессор)*

Актуальность рассматриваемой темы обусловлена проблемами, с которыми на протяжении всего времени сталкивались люди в отношениях договора бытового подряда, как со стороны заказчика, так и подрядчика, которые в основном выражаются в юридической безграмотности одной или сразу обеих сторон, в последствии попавшие в конфликтную ситуацию по отношениям бытового подряда. Целью рассматриваемой статьи является определение проблем, возникающих в случае несоблюдения письменной формы договора бытового подряда.

Договор бытового подряда был известен еще в римском праве. Так, «наймом работы, или подрядом, назывался такой договор, по которому одна сторона, conductor, то есть подрядчик, принимала на себя обязательство исполнить в пользу другой стороны – заказчика (locator), определенную работу, а заказчик обязывался уплатить за эту работу определенное денежное вознаграждение. В отличие от договора найма услуг договор подряда был нацелен не на выполнение повседневных работ в хозяйстве наймодателя, а на предоставление наймодателю готового результата» [1; 101].

В настоящее время отношения по бытовому подряду очень распространены среди населения и пользуются огромной популярностью, вместе с тем граждане сталкиваются с недобросовестными подрядчиками, вследствие чего зачастую могут остаться без результата выполненных работ (ремонта), без материалов и без инструментов, предоставленных заказчиком на момент заключения договора подрядчику.

Согласно ст. 640 Гражданского кодекса Республики Казахстан по «договору бытового подряда подрядчик, осуществляющий предпринимательскую деятельность, обязуется выполнить по заданию гражданина-заказчика определенную работу, предназначенную удовлетворить бытовые или другие личные потребности заказчика, а заказчик обязуется принять результаты работы и оплатить ее» [2]

С другой стороны, подрядчик, гражданин, осуществляющий выполнение подрядных работ по заказам населения, иногда один, иногда совместно с бригадой рабочих если речь о ремонте подразумевающим несколько видов ремонтных работ, однако среди такой бригады должен быть один ответственный человек с кем можно обсуждать все технические вопросы, и в его обязанности так же входит поиск, переговоры и заключение сделки с потенциальными клиентами, как правило, без заключения договора в письменной форме, в связи с тем, что заказчик может «загнать» настоящих рабочих в кабальные условия путем заключения договора в котором описаны общие требования по ремонту с приложенной сметой и указан срок выполнения всех обязательств. После заключения договора в письменной форме, заказчик, имеет возможность умышленно затянуть процесс по поставке необходимых для выполнения работ материалов, заставляя рабочих простаивать пока истекает срок заключенного договора. Помимо того, что доставка материалов осуществляется долго, иногда этих материалов может и не хватать для выполнения определенного вида работ, к примеру, практически невозможно точно